



Автор: АДИЛГЕРЕЕВА ЛАЗЗАТ АРГЫНГАЗИЕВНА

Пән: Математика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Рационал сандар және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Рационал сандарға амалдар қолдану

Оқу мақсаты:	6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу
Сабақтың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, слайдтар, білім-ленд. жетондар, әртүрлі деңгейлік тапсырмалар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. «Өз смайлигіңді таңдап ал» - балалардың сабақ алдындағы көңіл - күйін анықтау. Мұғалім үстелінде әртүрлі смайликтер тұрады. Көңілдірек смайликтерді көбірек дайындау керек. Оқушылар үстелден өз көңіл - күйіне сәйкес смайликті таңдап алады. Орнына қайтып барады және оны теріс қаратып қояды. Бұл балаларды өзін психологиялық жағынан еркін сезінуі үшін. Мұғалім сабақ барысында оқушының қасына барып, таңдаған смайлигін қарайды және осы мәліметті ескеруі керек. - Оқушылар, бүгін ерекше сабақ. Сабаққа қонақтар қатысып отыр. Сондықтан қонақтар алдында өзімізді еркін ұстап, қысылмай сабаққа белсенді қатысайық.</p> <p>1991 ж 1 желтоқсан, 16 желтоқсан туралы не білеміз? 1 желтоқсан Тұңғыш Президенті сайланды. 16 желтоқсан Қазақстан Тәуелсіздігі жарияланды. Биыл 27 жыл. (слайд 2-3) Президент тұлғасына суреттеме (топтастыру) Қазақ батыр ел деймін Ұл мен қызы ер деймін Ата-қоныс жерімді Мен ешкімге бермеймін жыр жолдарын оқу Ұраны: « Мен білемін, жеңіске жетемін» Топқа бөлінеді, жұлдызша жинайды</p>	смайлик
Сабақ ортасы (30 мин)	<p>Қандай сандарды қарама-қарсы сандар деп атайды? Оң санға қарама қарсы сан қандай сан? Теріс санға қарама-қарсы қандай сан болады? Теріс сандардың қосындысы қандай сан? Таңбалары әртүрлі сандарды қосамыз? Рационал сандарды қалай азайтамыз? Қарама-қарсы сандардың қосындысы? Ауызша жаттығу (иә-жоқ) 1. $-3,5+(-4,3)=-7,8$ (иә) 4. $-4,6-12,6=8$ (жоқ) 2. $6,4+(-8,9)=2,5$ (жоқ) 5. $7,2+(-10,3)=-3,1$ (иә) 3. $-6,4+6,4=0$ (иә) 6. $4,5-(-10,1)=-1,9$ (жоқ) Есептеңдер: 1. $-3,06+(-2,17)=-5,23$ 3. $9,12+(-42,3)=-33,18$ 5. $-2,9+(-4,6)=-7,5$ 2. $-6,04+2,13=-3,91$ 4. $(-8)+5,6=-2,4$ 6. $4,5+(-2,08)=2,42$ Бос орынға тиісті санды қойыңдар: 1. $412-912+912=412$ 3. $....+843+....=843$ 1. $728+(-728)=0$ 3. $-83+(-17)=-100$ 2. $785+(-970)=-185$ 4. $218-(-235)=453$ Білім-ленд тапсырмаларын орындау</p> <p>Сергіту сәті: Жоғары қарап күн көрдім, Төмен қарап жер көрдім. Оңға, солға бұрылып Егеменді ел көрдім. Өз бетінше жұмыс (деңгейлік тапсырмалар) «Топтық жұмыс». Семантикалық картамен жұмыс. Тапсырма мен дұрыс жауап сәйкес келетін торкөздегі әріптерді теріп жазсаңдар, дана адамның сөзімен танысасыңдар. $127,7 -28 -2,15 23,7 3,009 -63,31 -72+44 С Е Э Ц Х К 4,2-(-143,5) Л З Ф У Щ Л - 0,091+3,1 А Ш Т И Б Ю 47,5+(-23,8) В Б Ж А Й С 3,21+(-5,36) Н Ы С Ч К М - 63,01-0,3 О Л К Э Б Ы$</p>	слайд Елбасы
Соңы (5мин)	Сабақты қорытындылау: Рефлексия: оқушылар өз ойын айтады. Жетон б/ша бағалау Отан, ел тақырыбында әнмен аяқтау	